



БҰЙРЫҚ

2025 жылғы 14 шілде
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 359
город Астана

**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгеріс енгізу туралы**

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 5-тармағына, 36-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабының 2-тармағының 1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № КГИП-03-КГ/4759 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына қоса беріліп отырған өзгеріс бекітілсін.

2. Қоғам:

1) тіркеуші органға Қоғамның Жарғысына өзгеріс енгізу туралы хабарлама жолдасын;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.


3. Осы бұйрық Қоғамның жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Министр



С. Нұрбек



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрінің
2025 жылғы «*14*» *шілде*
№ *359* бұйрығымен бекітілген

**«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті»
коммерциялық емес акционерлік қоғамының
Жарғысына өзгеріс**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2020 жылғы 4 маусымдағы № 348 бұйрығымен бекітілген «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысына (бұдан әрі – Жарғы) келесі өзгеріс енгізілсін:

71-тармағының 9) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«9) Басқарма Төрағасы – ректордың және Қоғам Басқармасы мүшелерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін және еңбекақы төлеу мен сыйақы беру шарттарын анықтау;».